**Шағын кәсіпкерлік субъектілерінен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің 2005 жылға арналған номенклатурасын және олардың көлемін (пайызбен көрсеткенде) бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 тамыздағы N 828 Қаулысы

"Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы Заңының 8-бабының 2-2-тармағына және "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. Қоса беріліп отырған Шағын кәсіпкерлік субъектілерінен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің 2005 жылға арналған номенклатурасы және олардың көлемі (пайызбен көрсеткенде) бекітілсін.

2. Конкурстарды ұйымдастырушылар осы қаулыға қосымшада санамаланған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу кезінде заңнамада белгіленген тәртіппен шағын кәсіпкерлік субъектілерінен осы тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың жалпы көлемінің кемінде 25 пайызы көлемінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жариялағаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің*

*міндетін атқарушы*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 11 тамыздағы
N 828 қаулысымен
бекітілген

**Шағын кәсіпкерлік субъектілерінен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің 2005 жылға арналған номенклатурасы**

1. Азық-түлік тауарлары:

1) ұн, оның ішінде фортификацияланған бидай ұны;

2) нан, нан-тоқаш өнімдері, оның ішінде фортификацияланған бидай ұнынан жасалған;

3) макарон өнімдері;

4) жармалар;
5) сүт, кілегей;
6) сары май және өсімдік тоң майы;
7) ашытылған сүт өнімдері;
8) ет (жас, консервіленген), ет өнімдері;
9) шұжық өнімдері;
10) балықтан жасалған өнімдер (жас, жас мұздатылған, ысталған);
11) алкогольсіз сусындар, шырындар;
12) кондитерлік тағамдар;
13) жұмыртқа;
14) табиғи бал;
15) балалар тағамы;
16) көкөністер, жемістер (консервіленген), картоп;
17) қант (құмшекер, шақпақ, кесек);
18) тұз, оның ішінде йодталған ас тұзы;
19) тауықтар (тауықтың саны);
20) кептірілген жемістер;
21) ашытқылар;
22) томат пастасы;
23) тұздықтар;
24) ауыл шаруашылығы шикізаты;
25) теңіз өнімдері, балықтан және теңіз өнімдерінен жасалған консервілер;
26) ірімшік (қатты, жұмсақ тұздалған);
27) татымды заттар және дәмдеуіштер;
28) сорпа концентраттары;
29) саңырауқұлақтар;
30) бақша және жабайы жидектер;

2. Азық-түліктік емес тауарлар:

1) Үлбірден (табиғи, жасанды) тігілген киімдер және оның керек-жарақтары, үлбір бас киімдер;
2) әскерилендірілген құрамаларға арналған арнайы киім-кешекті қоспағанда, трикотаж өнеркәсібінің өнімі;
3) әскерилендірілген құрамаларға арналған арнайы киім-кешекті қоспағанда, тігін бұйымдары;
4) аяқ киім;
5) аяқ киім майы;
6) тұрмыстық, мектеп және офис жиһазы;
7) құрылыс материалдары:
тұсқағаз қағазы (тұсқағаздар) және басқа да қабырға жабындары;

едендерге төселетін, пештерді қаптайтын тақталар;
кірпіш;
цемент;
құм;
кесілген ағаш материалдары;
ағаш бұйымдары;
шыны пакеттер;
санфаянс;
пенопласт тақталар;
пластмассадан жасалған құрылыс бөлшектері (есіктер, табалдырықтар, терезелер, рамалар, терезе қақпақтары);
табиғи тастан жасалған қаптама материалдар мен бұйымдар, толтырғыштар, табиғи тастан жасалған жолға төсейтін материалдар (қиыршық тастар, ұсақ тастар);
полиэтилен құбырлар;
жылу оқшаулағыш материалдар;
лак-бояу бұйымдары;
линолеум және басқа да еденге төсеуге арналған полимер материалдар;
шегелер;
8) алюминийден, резеңкеден жасалған бұйымдар;
9) кабель өнімдері;
10) жууға арналған заттар;
11) ағаштан, қыштан (фарфор, фаянс) жасалған бұйымдар;
12) музыкалық аспаптар;
13) медициналық мақсаттағы бұйымдар және санитарлық-гигиеналық мақсаттағы заттар;
14) су шашатын жабдық;
15) кеңсе тауарлары;
16) дәрілік препараттарды өндіруге арналған минералдық шикізат;
17) тоқыма шикізаты;
18) отын (көмір, мазут, ағаш);
19) жер бетіндегі органикалық заттар;
20) көшіру-көбейту және ұйымдастыру техникасы, жинақтауыштар;
21) ұйымдастыру техникасына қосалқы бөлшектер (бағдарламалық қамтамасыз ету);
22) қой терісінен жасалған бұйымдар;
23) қаракөл, қаракөл терісінен жасалған бұйымдар;
24) киізден жасалған бұйымдар;
25) шыныдан жасалған тұрмыстық бұйымдар;
26) пластмассадан жасалған тұрмыстық бұйымдар;

27) қолөнер бұйымдары;

28) машина жасау және басқа да өнеркәсіп кәсіпорындарына арналған жинақтауыш бұйымдар мен материалдар;

29) бак, бақша аспаптары;

30) былғарыдан жасалған бұйымдар;

31) спорт тауарлары;

32) бақылау-касса машиналар, дыбыс және бейне техникасы;

3. Жұмыстар мен қызметтер:

1) жөндеу-құрылыс жұмыстары;

2) автомобиль техникасын жөндеу;

3) полиграфиялық;

4) көліктік-экспедициялық;

5) күрделі тұрмыстық техниканы жөндеу;

6) ғұрыптық;

7) заңдық;

8) қоғамдық тамақтандыру қызметі;

9) делдалдық, оның ішінде жанар-жағармай материалдарын сақтау мен сату жөніндегі;

10) тұрғын үй-коммуналдық;

11) тұрмыстық (монша-кір жуу, химиялық тазалау);

12) Интернет-провайдер қызметі;

13) көшіру-көбейту және ұйымдастыру техникасын жеткізіп беру және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметтер;

14) шаштараз;

15) киімдер, арнаулы киімдер тігу және жөндеу;

16) суретке түсіру қызметтері;

17) белгілер, медальдар, марапаттау кубоктары, вымпелдер, тулар жасау;

18) туризм;

19) жалға беру қызметтері;

20) аяқ киім жөндеу;

21) былғары, пластмасса және металл галантереяны жөндеу;

22) балалар мен мектеп мекемелері үшін тамақ өнімдерін жеткізіп беру;

23) жарнамалық-ақпараттық, баспалық қызметтер;

24) аударма ісі қызметі;

25) мөртабан-мөр және жібек жазба;

26) эстетикалық қызметтер (визаж, косметологтардың қызметтері мен консультациялары).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК